

ӘОЖ 81:93

**ҰЛТ КӨШБАСШЫЛАРЫ ТІЛІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ-
КОММУНИКАТИВТІК ҚЫЗМЕТІ**

Байниязова Қ.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, магистрант

Қазақ ұлты өзінің қалыптасу кезеңінен бастап халықты алға бастаған, ұлттың болашағы үшін басшылық етіп, елді өз соңына ерте білген тарихи тұлғаларға бай. XV ғасырда «қазақ» хандығын құрған Керей мен Жәнібектен бастап елдің әр тарихи кезеңінде басшылық еткен хандар мен елді басқарушы тұлғалар «ұлт көшбасшысы» деген мәртебеге ие. Десе де біз

қазақтың бас көтеріп, еңсесін тіктеп, өз алдына мемлекет құруға талпынған кезеңі «Алаш» қозғалысы тұсынан бастап ел басқарушыларын «ұлт көшбасшысы» мәртебесімен атаймыз. Себебі ХХ ғасырдың басы «Алаш» қозғалысы нәтижесінде Алашорда құрылып, қазақ ұлты өз басшысы бар автономияға айналды. Ал Алашорданың басында Ә. Бөкейханов тұрды. Сол себепті де ХХ ғасырдың басында қазақ халқы үшін «ұлт көшбасшысы» Ә. Бөкейханов болып саналады. Бұл тұста А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов ұлт қайраткерлерін «ұлттың рухани көшбасшысы», «ұлт көсемі» деп атау қалыптасқан. Ал ХХ ғасырдың екінші жартысында «ұлт көшбасшысы» Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы қызметін атқарған Д. Қонаев болса, тәуелсіздік алған кезеңнен бастап Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевты «ұлт көшбасшысы» деп танымыз. Зерттеуге алынған үш саяси тұлғаның саяси коммуникациядағы тілдік тұлғасын дискурстық талдау арқылы зерделейміз.

Ұлт көшбасшылары дискурсының коммуникациялық қызметін анықтамас бұрын жалпы коммуникацияның негізгі функцияларына тоқталып өтейік. Коммуникация – қарым-қатынас жасау формасы. Кез келген қарым-қатынас ақпарат алмасу процесін жүзеге асырады. Ақпарат лингвистикалық және экстралингвистикалық амалдар арқылы беріле алады. Демек коммуникацияның ең басты қызметі – ақпаратты тасымалдау. Адресант пен адресаттың арасында орын алатын коммуникацияға сай ақпарат та әр түрлі болады. Ал біздің зерттеуімізге сай ұлт көшбасшыларының коммуникациясы саяси тақырыптағы ақпаратты тасымалдауға қызмет етеді. Зерттеуші-ғалымдар О. Морозова мен О. Базылева коммуникацияның ең басты қызметі ақпарат жеткізу екендігін айтады. Десе де ақпарат белгілі бір тұлғаға бағытталмауы да мүмкін екендігін тілге тиек етіп, мұндай жағдайда ассиметриялық коммуникацияның жүзеге асатындығын айтады [1, 12]. Зерттеуші В. Третьякович «К вопросу и функции в современной лингвистике» мақаласында коммуникацияның іске итермелеу (көндіру, бұйрық, тілек, өтініш, т.б.), ақпараттық (реалды немесе ойдан шығарылған мәліметтерді тасымалдау), экспрессивтік (эмоционалды жай-күйінен хабар беру), фатикалық (контакт орнату және оны әрі қарай жалғастыру) қызметтерінің бар екендігін айтады [2, 67]. Коммуникацияның аталған қызметтері ұлт көшбасшылары дискурсына да тән. Себебі ұлт көшбасшылары дискурсы коммуникация теориясының бір тармағын құрайды.

Саяси дискурстың ақпараттық қызметі елдегі саяси жүйе мен экономикадағы жағдайларды хабарлау, мемлекет көлемінде атқарылып жатқан шаралар төңірегінде мәлімет беру сынды функциялармен сипатталады. Ұлт көшбасшысы елді басқарушы тұлға болғандықтан, мемлекеттік деңгейдегі маңызды ақпараттар ең алдымен сол саяси қайраткердің баяндамалары, сұхбаттары арқылы жеткізіледі. Демек ұлт көшбасшысы жалпы халықтық деңгейдегі ақпаратты тасымалдаушы болып саналады. Ұлт көшбасшысы дискурсында мемлекет көлемінде іске асырылған шараларға есеп беру, алдағы жоспарлармен бөлісу немесе жаңа жүйемен таныстыру сынды қызметтер кездеседі.

а) Мемлекет көлемінде іске асырылған шараларға есеп беру. Мұндай айтылымдар өткен шақтық мәнде, бұрынғы өткен шақ немесе жедел өткен шақ формалы баяндауыштармен келеді. Белгілі бір жайтты нақты көрсету үшін атқарылған жұмыстар жөнінде, кеткен шығындар мен жоспарланған әрекеттердің пайыздық көрсеткіші айтылады. Мұндай статистикалық көрсеткіштер ұлт көшбасшыларының есеп беру үлгісінде баяндалған айтылымдарында жиі кездеседі. Сол себепті есеп беру барысында нақтылы сандарға негізделген ақпарат айтылады. Себебі ұлт көшбасшысының аузынан шыққан сөз арнайы дәлелдемелер негізінде ресми расталған ақпарат болып саналады. Сондықтан, ұлт көшбасшылары тілінде сандардың алатын орны – ерекше. Мысалы, Ә. Бөкейханның дискурсындағы сандарға көңіл бөлейік:

1917 жылы Орынбор: *«1897 жылғы есепте қазақ тілін ана тілім деген адам 4 миллион 84 мың еді... Біздің 9 облыс, бір гүбірнедегі қазақ биыл 5 миллион 400 мың болса керек. Тірі болсақ, алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар. Бізді бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың*

баласы бақыт жолына түсті. Кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере жүретін алдымызда зор шарттар бар. Осыны, аңғар, жұртым қазақ»(Ә.Б.).

Мұнда ұлт көшбасшысы нақты жыл бойынша қанша қазақтың бар екендігін атап көрсетеді. Бұл ақпарат ресми сипатқа ие. Сондай-ақ, кейінгі жылдары тарихшы мамандар үшін тарихи дерек ретінде де қызмет етті. Демек статистикалық көрсеткіштер, нақтылы сандар ұлт көшбасшысы дискурсына тән болып саналады. Мұны Д. Қонаевтың баяндамаларынан да, Н. Назарбаевтың сөздерінен де көре аламыз. Д. Қонаев:

«Съездер аралығындағы уақытта КПСС Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің басшылығымен және күнбе-күнгі көмегімен Қазақ ССР-і шаруашылық пен мәдени құрылыстың барлық салаларында айтарлықтай табыстарға жетті. Осы мерзімнің ішінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2,1 есе өсті. Өнеркәсіптің жалпы өнімнің құны 1958 жылы 3 миллиард 49 миллион сом болған еді, ал 1905 жылы 6 миллиард 431 миллион сом болды. Бұл уақыттың ішінде жетіжылдыққа дейінгі республиканың құрылған кезінен бергі барлық жылдардағыдан, яғни 39 жылдың ішіндегіден көп өнім шығарылды» (Д.Қ.).

Н.Назарбаев:

«1998 жылы шағын несиелеу мен жаңа жұмыс орындарын жасауға 306,6 млн теңге бөлінді. Жалпы сомасы 244 млн теңге болатын 8 мың шағын несие беріліп, бұл 11513 адамның жұмыс табуына мүмкіндік берді. 175 млн теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілді. 34 мың адам 30 млн теңгелік көмекті тауармен және азық-түлікпен алды. 1999 жылдың 1 наурызына дейін 733 адам тағы да сомасы 40 млн теңге несиеге ие болды» (Н. Н.).

Жоғарыда мысал ретінде алынған үш айтылымда да ауқымды шаралардың есебі келтірілген. Ұлт көшбасшылары әр жасалған іске, игерілген сома мен атқарылған шаруаларға нақты дәлелдер келтіре отырып баяндама жасайды. Нақтылы статистикалық көрсеткіш негізінде халыққа есеп береді. Мұнда келтірілген сандар мен статистикалық көрсеткіштер ұлт көшбасшысы тарапынан айтылған ақпаратқа шынайылық сыйлап, сенімді дереккөз екендігін айқындайды. Сол себепті де ұлт көшбасшысының дискурсы ресми негізделген ақпарат болып саналады. Бұл тұста сандар біршама рөл атқаратындығын байқадық.

ә) Мемлекет көлемінде іске асырылатын жоспарлармен бөлісу. Халықтың болашағы, елдің ертеңі үшін жасалатын жұмыстарды алдымен ұлт көшбасшысы (мемлекет басшысы, президент, партия басшысы) халыққа жария етіп, алдағы жұмыстардың тізбесімен таныстырады. Демек елдің болашағына қатысты билік өкілдері тарапынан қабылданған заңнамалар, жүзеге асырылуы тиіс стратегиялар, мемлекеттік маңызы бар шешімдерді жұртшылыққа таныстыру, алдағы жоспарлармен бөлісу де ұлт көшбасшылары дискурсына тән. Іске асырғалы жатқан жұмыстың пайдасы мен зиянын, өміршеңдігін халыққа айтып түсіндіреді. Яғни ұлт көшбасшысы халықпен коммуникация жасау барысында мемлекеттік деңгейдегі ақпаратпен бөліседі. Мысалы, Ә. Бөкейханның сөздеріне назар салайық:

Мұсылман сиезінің байлауы мынау: Хүкіметтен рұқсат алып, жұрт ортасынан комитет ашпақ. Осы комитет кісілері соғысқа көмек беруге тиісті жолмен жұрттан қазына жимақ (Ә. Б.).

XX ғасырдың басында ұлт зиялыларының қатысумен өтетін съездер жалпы халық үшін қолжетімді емес еді. Яғни ұлт болашағына алаңдаған тұлғалардың жиынында сөз болған мәселелер, талқыланған тақырыптар халыққа жете бермейтін. Сол себепті ұлт көшбасшылары қандай да бір жиында талқыланып, шешімі қабылданған мәселелерді газет беттерінде жариялап, мақала түрінде халыққа ұсынып отырған. Жоғарыда мысалда келтірілген ақпарат та ұлт көшбасшысы Ә. Бөкейханның халыққа үндеуінен алынған.

Д. Қонаев:

Біз белгілеген программа ауқымының ұлан-ғайырлығын көзге елестету үшін мынаны айтсақ та жеткілікті: жаңа тоғызыншы бесжылдықта ұлттық табыстың орташа жылдық көлемі 325 млрд сомға жетеді, ал тұтас алғанда бүкіл бесжылдықта ол 1

триллион 625 млрд сом болады. Еліміздің ақшадай табыстары бесжылдықта 40 процент артады (Д. Қ.).

Бұл мысалда да ұлт көшбасшысы Д. Қонаев алдағы жүзеге асатын бағдарламаның елдің экономикасына қалайша әсер ететін түсіндіреді. Яғни болашақтағы жоспарлармен бөліседі.

Н. Назарбаевтың 2006 жылы 18 қаңтарда Астана қаласында баяндалған «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» баяндамасындасына көз жүгіртейік:

«Бірінші басымдық. Қазақстан экономикасын жаңарту және оған серпінді сипат беру, олар өзара байланысты міндеттер кешенін шешуді көздейді. Екінші басымдық: Қазақстанның жедел экономикалық дамуы үшін серпінді секірістерді қамтамасыз ету. Үшінші басымдық. Әлсіздерді қорғайтын және экономика мен елдің дамуын қолдайтын осы заманғы әлеуметтік саясат. Төртінші басымдық: Ұлттық қауіпсіздіктің бүгінгі қатерлер мен жаһандық ауқымдағы сынақтарға сай стратегиясы» (Н.Н.).

Мұнда ХХІ ғасырдың ұлт көшбасшысы 2030 жылға дейін жүзеге асырылатын нақты-нақты қадамдарды атай отырып, бұл қадамдардың іске асу жолы мен мақсат-міндеттерін де атап көрсетеді. Демек тұтас елдің қай бағытта жұмыс жасауы керек екендігін, елдің алдағы уақытта немен айналысуы керектігін мемлекет басшысы белгілеп отырады. Кез келген мемлекет саяси жүйеге сай белгілі бір уақытқа дейінгі аралыққа жоспар құрады. Нақты жоспарсыз, сол жоспарды жүзеге асыратын қадамдарсыз ешбір саяси жүйе жұмыс жасай алмайды. Сол себепті алдын ала болжалды табыс пен болашақтағы жұмыстардың кескін-келбеті мемлекет басындағы саясаткерлердің ұйғаруымен белгіленіп, халыққа ұсынылып отырады.

б) Мемлекеттің саяси жүйесіне енгізілген жаңа қолданыстармен таныстыру. Мұнда да ұлт көшбасшысы мен халық арасында ақпарат алмасу орын алады. Елде немесе жалпы әлемде орын алып жатқан саяси өзгерістерді халыққа ең бірінші болып жеткізетін тұлға – ұлт көшбасшысы. Елге қандай да бір жаңа нәрсе енгізілсе немесе саяси жүйе ауысып жатқан жағдайда, жаңа іс-әрекеттер бастау алған кезде ұлт көшбасшылары сол жайтты халыққа түсіндіріп, ақ-қарасын ашып көрсетіп береді. Мысалы:

«Дауыс беру – адамның азаматтық белгісі. Адаммын, азаматпын деген кісі күні бұрын ескеріп, списокке кірген-кірмегенін біліп, кірмесе тұрған жеріндегі комиссияға арыз беріп, списокті түзеттіріп кіріп, Ушредителное собрание сайлауы болған күні записка беретін орынға барып, записка береді. Записка дегеніміз – депутаттардың өз һәм әкесінің атына тіркелген, списоктің нөмері, ұраны жазылған записканы береді» (Ә.Б.).

Бұл – ХХ ғасырдың басындағы Ә.Бөкейханның сөздері. Халыққа елге енді ғана еніп жатқан сайлау жүйесін түсіндіріп, дауыс берудің не екендігін айтып жеткізеді. Яғни дауыс беру дегеніміз не, оның сатылы түрде қалай жүзеге асатындығын деңгейлі түрде ұғындырады.

«Біздің ішкі қауіпсіздігіміз үш тұғырға негізделеді. Бұл – ұлтаралық және діни келісімді сақтау, бұл – саяси жүйені байыпты демократияландыру барысындағы саяси тұрақтылық, бұл – ұлттық қауіпсіздікке төнген түбірлі қатерлердің батыл алдын алу» (Н.Н.).

Н. Назарбаевтың сөздерінен алынған бұл үзіндіден автордың ұлттық саясатты, ішкі қауіпсіздіктің үш тұғырын қарапайым баяндағаны байқалады. Мұнда ұлт көшбасшылары дискурсына тән хабарлау, түсіндіру, ақпаратты жеткізу қызметтерін үшінші жақ, ауыспалы осы шақтағы баяндауыш атқарып тұр. Бірінші сөйлемде жалпылауыштық мәнде айтылған «үш тұғыр» одан кейінгі үш сөйлемде тармақтала түсіндіріледі. Демек халыққа тап сол уақытта болып жатқан үдерістерге түсіндірме беріп, сол турасында ақпаратпен бөлісу де ұлт көшбасшысы коммуникациясының қызметіне жатады.

Ұлт көшбасшылары дискурсында ақпарат алмасу үнемі хабарлау стилінде келе бермейді. Ой-талқы, сипаттау мәтіндерінің араласып келіп отыратын тұстары да байқалады. Мұндай құрылымдар көбіне сұраулы сөйлемдермен келіп отырады.

«Үкімет кіріс пен салықтың аз жиналуына қашанғы көз жұмып отыра беруі керек? Борышқорлар қашанға дейін кеуде қағып, мемлекетті алдай бермек? Елдің шаруашылық тұлғалары неге салықтан жалтаруға тырысады? жемқорлармен неліктен тек Президент қана күреседі? Үкімет қайда қарайды» (Н.Н.).

Мұнда автор адресаттың көкейіндегі сұрақтарға жауап беру үшін сұраулы сөйлемдер қолданған. Алдымен сұрақ қойылып, кейін сол сұрақтарға жауап беріледі. Бұл саяси тұлғаның коммуникативті стратегиясын танытады.

«Өнеркәсібіміздің өркендеуіне айрықша тән нәрселер қандай?»

Біріншіден, өндірістік қорлар– өнеркәсібіміздің негіздерінің негізі шамамен 3 есе артты. Ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін ескере отырып салынған 729 ірі өнеркәсіп орны мен 535 цех қатарға қосылды. Экономиканың қол жеткен бұл дәрежесі халық шаруашылығының барлық салаларын одан әрі өркендету үшін қажетті қуатты база болып табылады.

Екіншіден, өнеркәсіптің жалпы одақтық индустриядағы үлес салмағы артты. Темір рудасы мен көмір қазу, болат, шойын, түсті металдар қорыту, прокат, цемент, күкірт қышқылын және минералды тыңайтқыштар өндіру сияқты өнімдердің аса маңызды түрлерін шығару едәуір артты. Электр энергиясын өндіру ұлғайтылды.

Енді Қазақстан өнеркәсіптің жалпы өнімін шығару жөнінде Совет Одағында үшінші орынға ие болып отыр, ал өнеркәсіп өнімінің кейбір түрлерін өндірудің жан басына шаққандағы деңгейі жөнінде жоғары дамыған бірсыпыра капиталистік елдерді басып озды.

Үшіншіден, бізде өнеркәсіптің бірсыпыра жаңа салалары пайда болды. Енді бізде титан, магний, глинозем, шойын, кокс, синтетикалық каучук, полиэтилен, аммофос, әк өндірілуде, экскаваторлар, қуатты трансформаторлар, конденсаторлар, электр двигательдерін, тоңазытқыш қондырғылары, компрессорлар, машиналар мен жабдықтардың басқа да жаңа түрлерін өндіру ісі жолға қойылған, бұларда «Қазақстанда жасалды» деген таңба бар» (Д.К.).

Бұл үзіндіде автор бірінші сөйлем арқылы нақты мәселені айқындап алып, ары қарай санамалап түсіндіреді. Автор ойының реттілігін, жүйелілігін *біріншіден, екіншіден, үшіншіден* сынды қыстырма сөздері жүзеге асырып тұр. Мәтін байласымын жүзеге асыруда қолданылатын бұл шегендеуіштер нақтылықты, жүйелілікті білдіреді. Демек адресат көңіліне сенім ұялатып, сөздерінің шынайылығына сендіре алады.

Қорытындылай келе, ұлт көшбасшылары дискурсы саяси коммуникацияның бір бөлшегі бола отырып, өзіндік ерекшеліктерге ие екендігі анықталды. Ұлт көшбасшылары коммуникациясының ең басты қызметі – ақпарат жеткізу. Ұлт көшбасшысы тілінде мемлекет үшін маңызды ақпараттардың жиыны сақталады. Сондықтан ұлт көшбасшысы адресант ретінде ақпарат жеткізуші әрі сақтаушы болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Морозова О., Базылева О. Определение понятия коммуникации в современной лингвистике // Вестник Ленинградского государственного университета им. А.С. Пушкина. – СПб, - С. 74-83.
2. ТретьяковичВ. К вопросу о понятии и функциях коммуникации в современной лингвистике. <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-ponyatii-i-funktsiyah-kommunikatsii-v-sovremennoy-lingvistike/viewer>
3. Бөкейхан Ә. Шығармалары. Т. 10. – Астана: Алашорда, 2018. – 551 б.
4. Қонаев Д.А. Таңдамалы сөздер мен мақалалар. – Алматы: Қазақстан, 1978. – 540 б.
5. Қонаев Д.А. КПСС Лениндік ұлт саясатының салтанаты. – Алматы: Қазақстан, 1981. – 664 б.
6. Назарбаев Н. Елмен сырласу. – Астана: Күлтегін, 2011. – 302 б.